

«АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
МАХАМБЕТ АУДАНЫ БІЛІМ
БӨЛІМІНІҢ «ДҮЙСЕНҒАЛИ
ТӨЛЕНОВ АТЫНДАҒЫ МЕКТЕП-
ГИМНАЗИЯСЫ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ШКОЛА-ГИМНАЗИЯ ИМЕНИ
ДУЙСЕНГАЛИ ТОЛЕНОВА»
МАХАМБЕТСКОГО РАЙОНА
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

14.09.2023 ш

Махамбет ауылы

ПРИКАЗ

№ 121

село Махамбет

«Зияткер» дебат
клубын құру туралы

Махамбет аудандық білім бөлімінің 2020 жылғы 06 қарашасындағы №10-04-01-06-03/2635 санды хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепте «Зияткер» дебат клубы құрылсын.
2. «Зияткер» дебат клубының мүшелері осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес тағайындалып, құрылсын.
3. «Зияткер» дебат клубының жоспары бекітілсін.
4. Осы бұйрықтың орындалысын бақылау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Балтабаеваға жүктелсін.

Мектеп директоры



Т.Идркенова

Д.Төленов атындағы орта мектебі

«Зияткер» мектепшілік дебат клубының
жұмыс жоспары

Жетекшісі: қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Жұмаханова Ж.А

Махамбет ауылы

ТҮСІНІК ХАТ

«Дебат қозғалысы – жаңа заман талабы» - білім беру бағдарламасы білімнің гуманитарлық жүйесін нақты көздейтін жаңа бағыттағы үйірме. Оқушылар мен ұстаздарды да пікір-сайыстарға араластыруға, өз бетімен ізденуге, білім алу және жалпы шығармашылық белсенділігін арттыруға көзделген. Пікірсайыстарға дайындық барысында оқушылар белгілі – бір тақырып бойынша мәлімет жинастырып, оларды қарама – қарсы бағыттарды қолдайтын екі түрлі позицияға арналған жоспарға топтастырылады. Жас пікірсайысшылар ең танымал және көп таралған АПФ (Американдық Парламенттік Форматы) форматында ойнайды. Олар жақтау және даттау топтарының кейстері. Осының нәтижесінде оқушылар кез-келген мәселеге біржақты көзқараста болудан арылып, терең, сын тұрғысынан оқушыларды, сонымен қатар парламент мүшелерін (класс оқушыларын) бөлудің әртүрлі жолдарын қарастыруға болады. Мысалы: психологиялық тренинг, сергіту, ойын элементтері арқылы, екінші СТО элементі жуан, жіңішке стартегиясы арқылы сұрақ жетегімен бөлуге болады. Жалпы пікірталас, талқылау, дискуссия, диалог, бір мәселені көпшіліктің талқысына салу ақиқатқа жетудің ең кең тараған және оң нәтиже бере алатын формасы болып табылады. Алайда бұның да өз қыр-сырлары көп. Ең алдымен ол пікір-сайыстыратын мәселенің күрделілігі, кез-келген мәселе бойынша біріміз ақиқат деп білетін нәрсе басқаға мүлде олай емес.

Пікірталас барысында адамдар ортақ мәселе жайлы өз пікірлерін ортаға салады, олардың әр түрлі болуы заңды, пікір сайыстар арқылы тараптар ой бөлуге, өз көзқарастарының кемшіліктерін ашып, оларды ұштауға, кемелдендіруге мүмкіндік алады. Қысқасы, ақиқаттың ең озық таразысы көзқарастар бәсекесі. Пікірсайыс логикалық, психологиялық, адамгершілік және көптеген басқа аспектілерді қамтиды. Үлкен додалар өткізіп, оқушылардың лидерлерін анықтауға тигізер септігі бар.

Өзіндік көзқарасы бар, айналаны сыни тұрғыдан барлап, бағалайтын, шешім шығаруда өзгенің ойын таразылап, өз ойын өткізуге сенімді тұлға қалыптасуына септігі тиеді. Әртүрлі саладағы ғылымның теориясы мен практикасына терең бойлау былай тұрсын, оның тарихы, маңыздылығы, өміршеңдігі, пайдасы мен зиянында таразылай алатын дәрежеге жеткізеді. Білім беру бағдарламасының жан-жақты, тереңдетілген жайын ашады..

Пікірсайыс әдеттегі пән олимпиадалары секілді. Жүйемен өткізілетін әр түрлі деңгейдегі пікір-сайыс бәсекелері арқылы жүзеге асыруға болады.

Олимпиадаларда оқушылар тек бір пән бойынша ғана білімдерін көрсете алса, пікірсайыстарда олар жан – жақты, әр түрлі салалардағы білімдерін көрсетіп, жетілдіре алады. Пікірсайыстардың әдеттегі олимпиадалардан айырмашылығы да, артықшылығы да осында. Үйірме оқушының тұлға, азамат ретіне жетілуіне, білім алуға деген қызығушылығының артуына зор ықпал етуі сөзсіз. Сонымен бірге пікірсайыс бағдарламасы жаңа орта білім беру жүйесінің идеяларымен толық үйлеседі деуге де негіз бар.

Мақсаты:

Заман талабының сұранысына саласы жетік, адами құндылықты жанына серік еткен, айналасына сын көзбен қарап, қоғамдық өмірге белсене араласатын жастардың жаңа буынын қалыптастыру. Мектеп оқушыларын үйірмеге тарту. Мектепшілік пікірсайыс турнирлерін ұйымдастыру, үздіктерді анықтап, ынталандыру. Мектеп намысын қорғайтын үздік оқушыларды анықтау. Мектеп оқушыларын мектепаралық, облыстық, республикалық пікірсайыс турнирлеріне қатыстыру, тәжірибе алмасу арқылы үздік нәтижелерге қол жеткізу.

Міндеттері:

- Оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің айқындалуына мүмкіндік беру;
- Шешендік өнер және жұрт алдында сөйлеу мәдениеті қалыптасқан талантты жастарды анықтау;
- Мектеп оқушылары арасында пікірсайыстың деңгейін көтеру;
- Мектеп оқушыларының сын тұрғысынан ойлауын дамыту;
- Өз Отаны Қазақстан, оның басты құндылықтарын құрмет тұтып, мақтаныш сезімдерін қалыптастыру;
- Оқушылардың жауапкершілігінің және танымдық қабілеттерін түрлі пікірталастар арқылы ортаға салу;
- Оқушыларды коммуникативтілікке, сөйлеу мәдениетіне, сөз өнеріне, тұжырымды ойын дәлелдей білуге баулу;
- Оқушының өзін – өзі тәрбиелеуіне, өзін жіне өзгені бағалай білуге үйрету;
- Сұлулықты түсіне білуге, өз Отанына, атамекеніне деген патриотымыз.
- Білікті, оқу – тәрбие беру;
- Мектептің үздік оқушыларын анықтап, аудандық, қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық пікірсайыс турнирлеріне қатыстыру.

Күтілетін нәтиже:

- Мектеп оқушыларының бос уақытын тиімді пайдалану;
- Пікірсайыс арқылы белсенді азаматтық позициясы бар, жаңарған қоғамның жаңа азаматтары тәрбиеленеді.
- Басқа адамдардың көзқарастарымен санаса алатын озық ойлы азаматтардың қатарын көбейту;
- Оқушылардың өз бетімен білім алуға, ізденуге дағдыландырады;
- Оқушылардың бір-бірімен тығыз қарым-қатынас жасауларына, пікір алмасуына, қарым-қатынас диалогін орнатуға мүмкіндік туғызады.
- Саяси сана сезімі, қоғамға көзқарасы ерекшеленеді
- Оқулық арқылы берілетін әдеби құндылықты терең меңгереді.
- БАҚ құралдарын, кітапхана оқулықтарынан қажетті мәліметті ала алады.

Д.Төленов атындағы орта мектебінің «Зияткер» пікірталас клубының жұмыс жоспары

№	Өткізілетін іс – шаралар	Мерзімі	Қатысушылар	Жауаптылар
1	Пікірсайыс деген не? Пікір-сайыстың форматтары (АПФ, БПФ, ЛД, ПДФ, Карлл Попер)	Қыркүйек	Дебат мүшелері	Жұмаханова Ж
2	Американдық Парламенттік формат туралы түсінік. Пікірсайыс үлгісінің негізгі элементтері. Қарар.Қарардың түрлері, жазу	Қазан	Дебат мүшелері	Жұмаханова Ж
3	Кейс – жұртшылыққа ұсынылатын спикердің сөзі Қарар, критерий, аргумент, Жақтау кейсінің құрылымы, үлгісі	Қараша	Дебат мүшелері	Жұмаханова Ж
4	«Қазақи салт дәстүр құнды ма әлде заманауилық маңызды ма?»	Қараша	Дебат мүшелері	Жұмаханова Ж 9 – сынып оқушылары
5	«Біліміңмен бәріне жете аласың ба, әлде ақшамен биік шыңды бағындыруға бола ма?»	Желтоқсан	Дебат мүшелері	Жұмаханова Ж 8 – 10 сынып
6	Аргумент құрылысы. Аргументті қолдау.	Қаңтар	Дебат мүшелері	Жұмаханова Ж
7	«Ауылда өмір сүрген жақсы ма әлде қала өмірі ыңғайлы ма?»	Қаңтар	Дебат мүшелері	Жұмаханова Ж 7 – сынып
8	«Слэнг сөздер мен жаргон сөздердің тілімізге әсері қандай?»	Ақпан	Дебат мүшелері	Жұмаханова Ж 8 – сынып
9	«Жаңартылған білім беру мазмұны тиімді ме әлде дәстүрлі оқытудың артықшылығы көп пе?»	Наурыз	Дебат мүшелері	Жұмаханова Ж 9 – сынып
10	Қарсы сұрақ – жауап кезіндегі спикерлердің өзін-өзі ұстауы.	Сәуір	Дебат мүшелері	Жұмаханова Ж
11	Сыбайлас жемқорлық: мәжбүрлік пе әлде ерікті ме?	Мамыр	Дебат мүшелері	Жұмаханова Ж

Д. Төленов атындағы орта мектебінде 2023 – 2024 оқу жылында «Зияткер» мектепшілік дебат клубы жасақталды. Дебатқа 7 – 10 сынып оқушылары қамтылды, барлығы 16 білім алушы қатынасады.

Д.Төленов атындағы орта мектебінде қыркүйек айының 8 – і күні «Зияткер» дебат клубының отырыс болып өтті. Жиналысқа дебат мүшелері түгелдей қатынасты.

Дебат жетекшісі Жанаргүл Амангелдіқызы пікірсайыс деген не? Пікірсайыстың форматтары туралы толықтай айтып түсіндіріп өтті. Оның ішінде дебат түрлеріне тоқталды. (АПФ, БПФ, ЛД, ПДФ, Карлл Попер)

Д.Төленов атындағы орта мектебінде қазанның 11 – і күні дебат мүшелерінің кезекті отырысы болып өтті. Бұл жолы дебат клубының жетекшісі Жанаргүл Амангелдіқызы Американдық Парламенттік формат туралы түсінікке тағы бір мәрте тоқталып, пікірсайыс үлгісінің негізгі элементтерімен таныстырды. Оның ішінде атап айтар болсақ, қарар, қарардың түрлері жөнінде ақпараттар берілді. Сонымен қатар дебат клубының мүшелеріне қарарға анализ жасау бағыты да түсіндірілді.

Д. Төленов атындағы орта мектебінде қарашаның 7 – і күні дебат мүшелерінің кезекті отырысы болып өтті. Жиынның негізгі тақырыбы: Кейс – жұртшылыққа ұсынылатын спикердің сөзі. Қарар, критерий, аргумент, Жақтау кейсінің құрылымы, үлгісі. Дебат мүшелері жетекшімен біріге отырып, кейс ұғымын талқылады. Жақтау кейсінің құрылымына жан – жақты тоқталып, үлгісін бірігіп құрады. Дебат ойындарында кейсті дұрыс құру өзіндік роль атқарады. Керекті кейсті құрарда нақты кезеңдерді есте ұстауы шарт. Бұл жерде топтың ұстанатын көзқарасы басты назарда болады. Топ көзқарасы – қарарды зерттеу кезінде пайда болған білімнің, дәлелдердің, ақпараттардың жиынтығы. Сонымен жақтау кейсін құрудың бос кезеңі:

Д. Төленов атындағы орта мектебінде қарашаның 14 – і күні «Зияткер» дебат клубының мектепшілік жоспарына сай 9 – сыныптар арасында «Қазақи салт дәстүр құнды ма әлде заманауилық маңызды ма?» атты пікірталас отырысы болып өтті. Дебат клубының көрсетілген ережесіне сай білім алушылар «Үкімет» және «Оппозиция» фракциялары бойынша өз позицияларын қорғай білді. Ойын барысы өте тартысты әрі қызықты болды. Пікірталас барысын мектеп әкімшілігі тарапынан қатынасқан қазылар алқасы тамашалап, өз бағаларын берді. Бір топ қазақи салт – дәстүрлердің құндылығын дәріптесе, екінші топ ойыншылары заманның ағымынан қалыспау керектігін, қажетсіз салт – дәстүрлерден аулақ болуға шақырды. Ойын барысында ерекше сөз саптауымен, ой жүйріктігімен көзге түскен Жеткін Аманжан «Үздік спикер» номинациясымен марапатталды.



«Зияткер» мектепшілік дебат клубының жұмыс жоспарына сай Д.Төленов атындағы орта мектебінде ақпан айының 6 – ы күні 8 – сынып оқушыларының қатынасуымен кезекті пікірталас ойыны болып өтті. «Слэнг сөздер мен жаргон сөздердің тілімізге әсері қандай?» тақырыбында ойынға қатынасқан білім алушылар 3 аргументтен ұсынып, өз сөздеріне нақты мысалдар көрсете білді. Қазіргі жастар арасында қолданылатын слэнг сөздердің мағынасын, қолданылу орнын да түсіндіріп өтті. «Үкімет» тобының мүшелері «Заманың тазы болса, түлкі болып шалуды» көздеп, заман ағымынан қалмай, слэнг сөздерді пайдалана білуіміз керек десе, «Оппозиция» фракциясының мүшелері белгілі ғалым, лингвист Ахмет Байтұрсынұлының сөзін басшылыққа ала отырып, тілімізді шұбарламауға, ана тіліміздің құндылығын арттыруға шақырды. Ойын соңында қазылар алқасы ойынды қорытындылап, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жайнагүл Қуанышқызы дебат мүшелеріне өз пікірін білдіріп, сәттілік тіледі.

Д. Төленов атындағы орта мектебінде желтоқсанның 14 – і күні «Зияткер» мектепшілік дебат клубының жұмыс жоспарына сай 8 – 10 сыныптар арасында «Біліміңмен бәріне жете аласың ба, әлде ақшамен биік шынды бағындыруға бола ма?» тақырыбында кезекті ойын ұйымдастырылды. Пікірталасқа 8 «а» сынып оқушылары Орынбасар Қарақат пен Қайратқызы Ақмоншақ, 9 «а» сынып оқушысы Нұрболқызы Асылым мен 10 – сынып оқушысы Тасмағамбет Айша қатынасты. Білім алушылар ойын барысында белгілі ақын – жазушылардың нақыл сөздерін аргумент ретінде тамаша қолдана білді. Өздеріне берілген позицияны ұстана отырып, қазылар алқасына статистикалық мәліметтерді де ұсынды. Қарсы тараптың «кейсін» жығып тастауға жұмыстанған ойыншылар өздерінің осал еместіктерін дәлелдей білді. Ойынның нәтижесін қорытындылаған директордың ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары Бержан Рахымқызы алған әсерімен бөлісіп, «Үздік спикер» номинациясымен Нұрболқызы Асылымды марапаттады.



Д.Төленов атындағы орта мектебінде қаңтардың 10 – ы күні «Зияткер» мектепішілік дебат клубының жұмыс жоспарына сай кезекті дебат мүшелерімен бас қосу жиыны болып өтті. Жиында дебат мүшелері аргумент құрылысы және аргументті қолдау ұғымдарын меңгерді. Аргументті ойын барысында қалай дұрыс қолдана білу керектігі жөнінде де айтылды. Дебат клубының жетекшісі де өз кезегінде аргумент құрылымы туралы білім алушыларға егжей – тегжейлі түсіндіріп, сұрақтарға жауап берді.

«Зияткер» мектепішілік дебат клубының жұмыс жоспарына сай Д.Төленов атындағы орта мектебінде қаңтардың 16-ы күні «Ауылда өмір сүрген жақсы ма әлде қала өмірі ыңғайлы ма?» атты кезекті пікірталас ойыны ұйымдастырылды. Дебатқа топтың ең кіші ойыншылары 7 – сынып шәкірттері қатынасты. (Нияз Еркеғали, Құрылыс Нұрислам, Жеткін Әселхан, Қабдолова Гүлсая) қатынасты. Әр топтың мүшелері өзіндік позицияларынан ауытқымай, нақты аргументтерін ұсына білді. «Үкімет» фракциясының мүшелері ауыл өмірінің қаншалықты ыңғайлы, өмір сүруге қолайлы екендігін алға тартса, қарсы топтың мүшелері адам баласы үшін қала өмірінің әлдеқайда өмір сүруге жеңіл екендігін тілге тиек етті. Шәкірттер қазылар алқасына өздерінің дайындығымен, сөз саптауымен, көрерменмен шынайы байланыс орната алуымен ерекше әсер қалдырды.